

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 313 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 қазандағы N 1014 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 313 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 14, 136-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 3 . Мыналарға :

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тергеу комитетінің төрағасына екі орынбасары болуына ;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция комитетінің төрағасына екі орынбасары болуына ;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасына екі орынбасары болуына ;

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің төрағасына үш орынбасары болуына рұқсат берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі